

"Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік шекара комиссиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 21 қарашадағы № 156-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 26 қазандағы № 175-ө өкімі.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік шекара комиссиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 21 қарашадағы № 156-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Абай, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Жетісу, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдері шекара мәселелері жөніндегі облыстық үйлестіру кеңестерін құрсын.";

көрсетілген өкіммен құрылған Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік шекара комиссиясының құрамы осы өкімге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Премьер-Министр

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2022 жылғы 26 қазандағы
№ 175-ө өкіміне
қосымша

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2017 жылғы 21 қарашадағы
№ 156-ө өкіміне
қосымша

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік шекара комиссиясының құрамы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төраға
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары –
Шекара қызметінің директоры (келісу бойынша), төрағаның орынбасары
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Шекараны
күзету департаментінің бастығы (келісу бойынша), хатшы
Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі
Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
Абай облысының әкімі
Ақтөбе облысының әкімі
Алматы облысының әкімі
Атырау облысының әкімі
Батыс Қазақстан облысының әкімі
Жамбыл облысының әкімі
Жетісу облысының әкімі
Қостанай облысының әкімі
Қызылорда облысының әкімі
Маңғыстау облысының әкімі
Павлодар облысының әкімі
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі
Түркістан облысының әкімі
Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Ескертпе: облыс әкімдерінің қатысу қажеттілігі Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік шекара комиссиясы отырысының күн тәртібімен айқындалады.